

Х. Тұрсұн^{*1} *Ас. Хакан*,² *Г. Батырбекқызы*³

¹*Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Тарих кафедрасының профессоры, т.ғ.д., Түркістан қ., Қазақстан Республикасы,
E-mail: tursunhazret@mail.ru*

²*Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Тарих кафедрасының докторанты, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы,
E-mail: hakanas1988@mail.ru*

³*М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, PhD
Шымкент қ., Қазақстан Республикасы, *Автор-корреспондент
E-mail: goha_batyr@mail.ru*

ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ

Аңдатпа

Мақала Түркістан өлкесіндегі қазақ зиялыларының соңына қалдырған мәдени мұрасын жинақтау және жүйелеуге арналған. Түркістандық зиялылардың ұлттық баспасөзді қалыптастырудағы қызметі, дәстүрлі білім беру жүйесін модернизациялаудағы және тарихи-мәдени мұраларды сақтау мен жаңғыртудағы қызметі деректік негізде талданады. «Түркістан уәлаятының газетасы» мен «Ақ жол» газетіне дейінгі ұлттық басылымдар қызметіне ұлттық идея қалыптастырушы фактор ретінде баға беріледі. Ұлт зиялылары өкілдері М.Сұлтанқожаұлы, С.Лапин, Қ.Қожықов, К.Төгісов, М.Шоқай, Н.Төрөқұлов, С.Қожанов, М.Дулатов және т.б зиялылардың Түркістан өлкесіндегі мәдени қызметінде қалыптастырған шығармалары талданады. С.Лапиннің шығыстану мен түркология саласындағы еңбектері, Қ.Қожықовтың жәдиттік үлгідегі әліппесі, өзге авторлардың түрлі жанрлардағы шығармалары өлкедегі мәдени өмірді жаңғыртуда елеулі рөл атқарды. Мақалада түркістандық зиялылардың мәдени мұрасының ұлт руханиаты-на қосқан үлесі туралы бірқатар тұжырымдар жасалған. XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясының ғылыми зерттеудегі қызметтерін ғылыми негізде талдап, әлі де зерттелмеген жақтарын ашып көрсету қажет деп есептейміз. Қазақ зиялылары арқасында Түркістан өлкесі ғылымының дамуында ерекше рөл атқарған тұлғалардың еңбегі бағалануы тиіс. Мақалада Түркістан өлкесінде қызмет жасаған зиялылардың зерттеулерін басшылыққа алып, жаңа көзқарас жағынан қарастырылды.

Кілт сөздер: Түркістандық зиялылар, мәдени мұра, Сералы Лапин, Қоңырқожа Қожықов.

Мақаланы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландырды (грант ИРН BR 18574180)

Х.Турсун^{*1}, *Ас.Хакан*², *Г.Батырбекқызы*³

¹*д.и.н., профессоры кафедрасы Истории*

*Международного казахско-турецкого университета им. Ходжи Ахмеда Ясави,
г. Туркестан, Республика Казахстан, E-mail: tursunhazret@mail.ru*

²*Докторант кафедрасы Истории*

*Международного казахско-турецкого университета им. Ходжи Ахмеда Ясави,
г. Туркестан, Республика Казахстан, E-mail: hakanas1988@mail.ru*

³*PhD, доцент кафедрасы История Казахстана*

*Южно-Казахстанского университета им. М.Ауезова,
г. Шымкент, Республика Казахстан, *Автор-корреспондент, e-mail: goha_batyr@mail.ru*

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ТУРКЕСТАНСКОМ КРАЕ

Аннотация

Статья посвящена обобщению и систематизации культурного наследия казахской интеллигенции Туркестанского края. Деятельность Туркестанской интеллигенции в формировании национальной прессы, модернизация традиционной системы образования и сохранение и модернизация историко-культурного наследия анализируются на практической основе. Деятельность национальных изданий до

газеты «Туркестан уалаяты» и газеты «Ак жол» оценивается как фактор, формирующий национальную идею. Анализируются произведения, сформированные представителями национальной интеллигенции М. Султанхожаулы, С. Лапина, К. Ходжикова, К. Тогысова, М. Шокая, Н.Торекулова, С. Кожанова, М. Дулатова и др. В культурной деятельности Туркестанского края. Значительную роль в возрождении культурной жизни края сыграли труды С. Лапина в области востоковедения и тюркологии, Азбука жадитского образца К. Ходжикова, произведения других авторов в различных жанрах. В статье сделан ряд выводов о вкладе культурного наследия Туркестанской интеллигенции в духовность нации. Считаю необходимым на научной основе проанализировать деятельность казахской интеллигенции начала XX века в научных исследованиях и раскрыть все еще неизведанные аспекты. Благодаря казахской интеллигенции должен быть оценен труд лиц, сыгравших особую роль в развитии науки Туркестанского края. В статье были рассмотрены исследования интеллигенции с новой точки зрения, которые занимались деятельностью в Туркестанском крае.

Ключевые слова: Туркестанская интеллигенция, культурное наследие, Сералы Лапин, Конаркова Ходжиков.

Статья профинансирована Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант ИРН BR 18574180)

*Kh.Tursun*¹, Hakan As², G.Batyrbekkyzy³*

¹Doctor of historical sciences, Professor of the Department of History

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Republic of Kazakhstan,

E-mail: tursunhazret@mail.ru

²Doctoral student of the Department of History

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Republic of Kazakhstan,

E-mail: hakanas1988@mail.ru

³PhD, Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan

M.Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Republic of Kazakhstan,

e-mail: goha_batyr@mail.ru

CULTURAL HERITAGE OF THE KAZAKH INTELLIGENTSIA IN THE TURKESTAN REGION

Abstract

The article is devoted to the collection and systematization of the cultural heritage of the Kazakh intelligentsia of the Turkestan region. The activities of the Turkestan intelligentsia in the formation of the National Press, the modernization of the traditional education system and the preservation and modernization of historical and cultural heritage are analyzed on a factual basis. The activities of national publications up to the newspaper «Turkestan ualayaty» Gazeta «AkZhol» are reevaluated as a fact or forming a national idea. The works of Representatives of the National intelligentsia M. Sultankozhauyly, S. Lapin, K. Kozhikov, K. Togusov, M. Shokai, N. Torekulov, S. Kozhanov, M. Dulatov and others formed by intellectuals in their cultural activities in the Turkestan region are analyzed. S. Lapin's works in the field of Oriental Studies and Turkology, K. Kozhykov's zhadyt alphabet, works of other authors in various genres played a significant role in the revival of cultural life in the region. The article makes a number of conclusions about the contribution of the cultural heritage of the Turkestan intelligentsia to the spirituality of the nation. We believe that it is necessary to analyze the activities of the Kazakh intelligentsia in scientific research at the beginning of the twentieth century on a scientific basis and reveal aspects that have not yet been studied. Thanks to the Kazakh intelligentsia, the work of people who played a special role in the development of science in the Turkestan region should be appreciated. The article was considered from a new point of view, guided by the research of intellectuals who served in the Turkestan region.

Keywords: Turkestan intelligentsia, cultural heritage, Seraly Lapin, Konyrkozha Kozhykov.

The article was funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (grant IRNVR 18574180)

Кіріспе

Қалыптасқан тарихи жағдайларға байланысты Түркістан өлкесі жарты ғасырдан астам уақыт қазақ жерінен оқшау өмір сүрді. Кеңестік биліктің 1924 ж. Орта Азия мен Қазақстан республикаларын ұлттық-территориялық межелеу саясатына байланысты Жетісу және Сырдария облыстарының Қазақстанға қосылуы барысында ұлттық-территориялық тұтастығын қалыптастыруға қол жетті. Осы жарты ғасырдан астам отарлық және кеңестік биліктің дәстүрлі қоғамды модернизациялау процесіне өлкедегі

ұлт зиялылары белсене араласты. Өлкедегі саяси күрестің алдыңғы шебінде болған қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметінде отарлық және кеңестік билікке қарсы саяси күрестің дәлелдерінің негізі қаланғандығын атап айтуға болады. Біздің зерттеуіміздің басты мақсаты өлкедегі ұлт зиялыларының қалыптастырған мәдени мұрасын жинақтау және талдау болғандықтан олардың қоғамдық-саяси қызметін қарастырмаймыз. Содан да зерттеуімізді тақырып мақсатына сай өлкедегі шығармашыл зиялылардың қалыптасуы; ұлттық баспасөздің қалыптасуы мен қызметі; ұлт зиялыларының ғылыми және әдеби шығармашылығы; өлкедегі дәстүрлі және қазіргі заманғы білім беру жүйесін жаңалауда қалыптастырған ғылыми, оқу-әдістемелік мұраларын талдау сияқты міндеттерді шешуге бағыттаймыз.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі отандық тарихнамада орын алып отырған мынадай олқылықтардың орнын толтыруға арналуымен айқындалады: біріншіден, Түркістан өлкесіндегі этносаяси процестердегі қазақ тарихына қатысты мәселелер қазіргі отандық тарихнамада толық ғылыми бағасын ала қоймады. Бұл мәселе әсіресе 1917 жылға дейінгі кезеңге тікелей қатысты. Екіншіден, Түркістан этнолитасының шығармашылық қызметі мен соңына қалдырған мәдени мұрасы арнайы тақырып болып қарастырылмады. Соған сай түркістандық зиялылардың қазақ руханиятына қосқан үлесі айқындалмады және ерекшелігі мен ортақ белгілері жүйеленбеді. Үшіншіден, өзбекстандық зерттеулерде түркістандық қазақ зиялыларының мәден мұрасына жеткілікті назар аударылмай келеді. Тақырыбымызда осы түйткілді мәселелердің шешімін іздестіру Түркістан тарихына қатысты зерттеулерді өзектілендіруге қызмет жасайды деп ойлаймыз.

Әдістер

Зерттеу тақырыбының пәні мен нысаны қолданатын әдіс тәсілдерді айқындайды. Тақырыпқа сай тарихи-салыстырмалық, тарихилық, объективтілік сияқты жалпытарихи әдіс-тәсілдермен бірге қоғамдық-саяси әдістерді талдап, түсіндіруде модернизация теориясының ұстанымдары қатар қолданылады. Отарлық, кеңестік кезеңдегі түркістандық зиялылардың шығармашылығына қатысты қалыптасқан тарихнамалық тұжырымдар тәуелсіздік кезеңде орныққан методологиялық ұстанымдар мен қағидаларға сай қайта бағалауды қажет етеді. Айталық, кеңестік тарихнамада мүлдем зерттеу нысанына алынбаған немесе идеологиялық ұстанымдарға сәйкес сынаржақ баға берілген Қ.Қожықовтың «Әліппесі» бүгінгі тарихи танымда жәдиттік білім беру жүйесіндегі құбылыс деп бағаланады. Ал оның Романов әулеті билігінің 300 жылдығына арнаған тарихи жыры отан тарихының жырмен жазылған оқу-әдістемелік құралы ретінде бағалауға лайық.

Теориялық және әдістемелік тұрғыда баға беруді қажет ететін зерттеу міндеттерінің бірі – Өлкедегі ұлттық баспасөздің қалыптасуы мен қызметіне де қатысты. Өлкедегі ұлттық баспасөз құралдары шығармашыл зиялылардың мәдени ағартушылық, ғылыми және әдеби шығармалары арқылы қоғамдық сана қалыптастыруға орасан зор ықпал жасады және өлкедегі тұрғындардың мәдени-рухани қажеттілігін қамтамасыз етті. Аталған басылымдарға тәуелсіз таным тұрғысында баға беру онда жарияланған әдеби, мәдени шығармаларға деген жаңа көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ең бастысы ұлт зиялыларының шығармалары ұлттық идентификация міндеттеріне қызмет еткендігі жаңа көзқараспен тұжырымдалуы керек. Зерттеуімізде сонымен бірге түркістандық зиялылардың шығармашылық мұрасын жіктеу және жүйелеуді міндет етіп қойдық.

Зерттеудің дереккөзі ретінде түркістандық ұлт зиялыларының жарық көрген еңбектері мен сол кезеңдегі баспасөз құралдары пайдаланылды.

Талдау

Түркістан өлкесіндегі ұлт зиялыларының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі және шығармашылығы жайлы бірқатар зерттеулер жарық көрді. Кеңестік тарихнамада бұл тақырып оңтүстік өңірде отарлық білім беру жүйесінің қалыптасуы тақырыбы бойынша Т.Тажикаев пен К.Е. Бендриковтың, ұлттық баспасөздің қалыптасуына байланысты Ү.Субханбердинаның, Қ.Атабаевтың іргелі зерттеулерінде арнайы қарастырылды. Бұл зерттеулердің бүгінгі кездегі ғылыми құндылығыкөпшілікке қолжетімсіз болып келген архивтік деректер талданып, ғылыми айналымға ұсынылғандығы және өлкедегі дәстүрлі білім беру жүйесін модернизациялаудағы ұлт зиялыларының педагогикалық шығармашылығын талдауы еді. Тәуелсіздік жылдары тақырып жаңа көзқараспен зерттеліп, М.А. Карлыбаевтың [1], С. Мухамедовтың [2], М.Жолсейтованың [3] және т.б. зерттеулерінде отарлық биліктің білім беру жүйесі сыни көзқараспен қарастырылды. Тақырыпқа тарихи-салыстырмалы баға берген шетелдік зерттеулер де [4] жарық көргендігін атап айтуға болады.

Зерттеуіміздің тарихнамасындағы келесі бағыт – өлкедегі ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын биографиялық тәсілмен ғылыми қалпына келтіруге арналды. Бұл бағытта Х.Тұрсұнның [5] зерттеулерінде өлкедегі ұлттық элитаның шығармашылығы олардың қоғамдық-саяси қызметінің тарихымен бірлікте қарастырылды. Ал Т.В. Котюкова [6] өлкедегі

этноэлитаның саяси шығармашылығына талдау жасаған.

Түркістандық зиялылардың шығармашылық мұрасы туралы шығармалары мен құжаттар жинақтары да жарық көргендігін атап айтуымызға болады. Атап айтқанда С.Тілеуқұлов және т.б. құрастырған жинақ [7], С.Қожановтың шығармалары [8], Н.Төрешұловтың [9], Х.Досмұхамедовтың [10] және т.б. қайраткерлердің шығармалар жинақтары жарық көрді. Түркістандық ұлт зиялылары туралы Г.Жүгенбаеваның, Ж.Симтиковтың, Э.Ж. Әзіретбергенованың, Г.К.Өтепованың, Г.Батырбекқызының және т.б. диссертациялық зерттеулерінде М.Тынышпаев, С.Қожанов, С.Лапин, К.Төгісов, Н.Төрешұловтың қоғамдық-саяси қызметтерінің тарихымен қатар олардың шығармашылық мұрасы қарастырылды.

Нәтижелер

Түркістан өлкесі біршама уақыт қазақ елінен аумақтық-әкімшілік тұрғыда оқшауланғанымен де ұлттық идентификациялық процесстер отарлық биліктің түрлі реформалық өзгерістеріне қарамастан ортақ арнамен дамығандығына көз жеткіземіз. Олай дейтініміз, қазақ жерін үш генерал-губернаторлыққа бөлген отарлық биліктің ол аймақтарда жүргізген саясатының құқықтық негіздері бірдей болды да ұлт саясаты бір-біріне ұқсас бағыттармен дамыды. Яғни, ұлт руханияты мен ұлттық сананың қалыптасуына аса үлкен айырмашылықтар орын ала қоймады.

Алғашқы кезекте ұлттық тарихи сана қалыптастыруға қызмет ететін дәстүрлі мәдениет факторларының бірі – жазба әдебиеттің мұраларына тоқталамыз. Түркістан өлкесінде ған емес, жалпы қазақ жерінде ең алғаш қазақ тілінде жарық көрген баспасөз органы – Түркістан генерал-губернатордың ресми органы «Туркестанские ведомости» газетінің қосымшасы ретінде 1870-1882 жж. «Түркістан уалаятының газеті» жарық көргендігін атап айтуымыз керек. Газеттің алғашқы редакторы шығыстанушы Ш.М.Ибрагимов болды. Басылым өлкедегі Жетісу және Сырдария облыстары тұрғындарының арасына кең таралды. Ресми баспасөз органының қосымшасы болғандықтан газетте негізінен аударма материал-дар жарияланып, отарлық биліктің саясатын насихаттады. Газетте отаршылыққа қарулы қарсылық көрсеткен ұлт-азаттық қозғалысты айыптаған материалдар көптеп жарық көрді. Газеттің 1871 ж. 2 санында «Садық сұлтан Сырдарияның сол жағалауындағы қазақ ауылдарына Хиуа ханының айдап салуымен жиі шабуыл жасайды» [11, 74] деген мәлімет жарияланған екен. Осы газетте ресми материал-дармен бірге түркістандық ақын Мәделіқожа Сұлтанқожаұлының «Қиуа жорығы туралы» жыры жарық көрген. Жырдың газеттегі толық атауы «Шымкент оязына қараған Мәделіқожа деген ақынның Сырдария облысының уаенный губернаторы Калауашевтың Хиуаға барғаны тақырыпта шығарған өлеңі» («Түркістан уалаяты» газеті 1875 жыл, №17, 18, 19) деп берілген. Жалпы көлемі 325 жолды құрайтын жырды мазмұны бойынша С.Қосанов «кішігірім поэма» деп бағалайды, ал Әсілхан Оспанұлы «жолжазба саласындағы тарихи шежіре» деген анықтама береді [12, 217].

Оңтүстік өңірі ақындар мектебінің көрнекті өкілі Мәделіқожа Сұлтанқожаұлының шығармалары орыс отаршылығы мен оған қарсы ұлт-азаттық қозғалыс тарихының әдеби дереккөздері ретінде қарастырылып келеді. Ақынның тарихи жырлары қатарында оның «Қиуа жорығы туралы» жырының тарихилығы біздің талдауымызға өзек болады.

Жыр сол кездегі Сырдария облысының әскери губернаторы Н.Н. Головачевты (1823-1887) мадақтауға арналған. Ресми басылымда аударма материалдармен бірге қазақ тіліндегі төл туындыларды жариялауға деген сұраныс болған. Газет сұранысына сай Мәделіқожаға Ахмет Кенесарин немесе Жағыпар Асфендияров тапсырыс беруі мүмкін. «Кенесары және Сыздық сұлтандар» атты кітап жазған Ахмет Кенесариннің өзі болуы да мүмкін. Олардың етене араласуы осындай болжам жасауымызға негіз болады. Мәделіқожаның Хиуа жорығына қатыспағаны айқын. Қатысса жорық барысындағы нәзік детальдарды қалт жібермес еді. Жырды арнайы тапсырыспен жазған Мәделіқожа тапсырыс берушінің «редакторлығынан» шыға алмаған [13, 210].

Тапсырыс беруші өзіне белгілі саяси мүддені көздеп облыстың әскери губернаторына мадақ жырын жаздыртқан. Шындығында кавказ соғысы мен Түркістан жорықтарына қатысқан орыс генералы 23 маусымда Сырдария облысының әскери губернаторы болып тағайындалған генерал-майор Н.Н. Головачев 1871 ж. күзінде Хиуаға және Әмударияға алып баратын дала жолына әскери-барлау экспедициясын жүргізген.

Осы оқиғаның қазақ поэзиясында жырлаған келесі туынды Мәделіқожа жырынан 40 жылдан астам кейін дүниеге келген. Бұл жеке автордың жыры емес, авторлар ұжымының еңбегі. Осы тұрғыда қарағанда ұжымдық жыр жазудың алғашқы үлгісі деп бағалануы керек. 1912 ж. жарық көрген кітаптың атауы «Русия патшалығында Романов нәсілінен хукірманлық қылған патшалар тарихлары» деп

аталады. Құрастырушылары Қоңырқожа Қожықов, Әлиасқар Қасымов, Сұлтан Шәді Жәңгіровтер [14].
Кітаптың кіріспесінде авторлардың

Қол қойған тәржіман деп біз екеуміз,

Тарихыны қазақ тілге аудардық біз.

Көзбенен көріп тұрып тәржіме еттік,

Ішіне қосылған жоқ басқа бір сөз - дегеніне қарағанда аталған екі автор орыс тіліндегі тарихи кітаптардың мәтінін мазмұндап, оны қазақ тарихына қатысты желілермен толықтырған. «Мың бір түн» сияқты прозалық шығармалардың желісін жырға қосу қиссашыл қазақ ақындарының дәстүрінен кең орын алған. Шығармаларының көпшілігі осы сарында дүниеге келген ақынның саяси сұранысқа сай жаңа тақырыпты игеруі – ХХ ғасыр басындағы поэзияда тосын жаңалық болды. Яғни, дәстүрлі поэзия үлгілерін мазмұндық, тақырыптық жағынан жаңалау болды.

Осы дастанда «Хиуамен болған соғыс» деп аталатын бөлім бар. Жоғарыда аталған тарихи оқиғаны Шәді төре бастаған авторлар барынша қысқа жырлаған. Жырдың барлық көлемі 52 ғана жол. Жырда Хиуа жағында соғысқан Сыздық Кенесарыұлы мен Мәтнияздың, ал Хиуа жорығында белгілі шайқастар өткен «Адамқырылған» және «Үшошақ» сияқты жер-су атаулары ғана аталады.

Шәді төре Қоңырқожа Қожықов, Әлиасқар Қасымовтар кеңесшілік жасап, айтып берген мазмұн бойынша жырлаған. Шәді нәзирашыл ақын болғандықтан оның жырының құрылымы мен көркемдік ерекшелігін жыраулық үлгідегі дәстүрлі ақын Мәделіқожаның жырымен салыстыру орынсыз болар. Әйтсе де, бір ақындық мектептің өкілі, өзімен тұстас Майлықожаның осы тақырыпқа ұқсас тарихи жыры «Датқалардың Петерборға баруы» атты тарихи жырымен салыстырмалы талдау жасауға болады. Бұл жыр «Қиуа жорығы туралы жырдан» көркемдік жағынан болсын, шынайылығы тұрғысынан болсын шоқтығы биік туынды. Мәделіқожа жырды тапсырыспен, шабытсыз жазған болса, Майлықожа Петерборға Түркістаннан барған игі-жақсылармен ілгері-кейін тығыз араласқан. Тақырыпты да жақсы біледі. Содан да ерекше шабытпен жырланған туындыда азаттық аңсаған өршіл рух жарқырай көрінген [15, 330] деген тұжырымды қуаттауға болады. Майлықожаның жыры уақытında басылымдарда жарық көрмеген, тек оның шығармалар жинағына ғана енгізілді.

Өлкеде «Түркістан уәлаятының газетасы» сияқты ресми басылымдар ХХ ғасырдың бас кезінде тәуелсіз ұлттық басылымдар түрінде жарық көре бастады. 1917 жылы «Үш жүз» партиясының органы ретінде «Алаш» газеті (редакторы К.Төгісов), 1917-1918 жж «Бірлік туы» (редакторлары М.Шоқай, С.Қожанов, Қ.Болғанбаев) газеті жарық көре бастады. Осы басылым 1917 ж қарашасында құрылған Түркістан Мұхтариатының қазақ тіліндегі баспасөз органы болып белгіленді.

Кеңестік билік орнаған соң Түркістан коммунистік партиясы Орталық Комитеті мен Түркістан Орталық атқару Комитетінің ресми органы ретінде «Ақ жол» газеті (1920-1925) (алғашқы редакторы С.Қожанов) жарық көрді. Осы басылымдар арасында «Бірлік туы» газеті өлкедегі қос төңкеріс арасындағы қоғамдық-саяси процестерді жіті қадағалап, отарлық езгі мен кеңестік биліктің озбырлығын өткір сынға алуымен ерекшеленді. Өлкеде ресми басылым болып жарық көргенімен ұлт зиялыларының еркін ойлылығын бойына сіңірген «Ақ жол» газеті ұлттық идеяны насихаттаушы ғана емес, оны қалыптастырушышылық қызметін де атқарған еді» [16, 22]. И.Сталиннің 1925 жылы мамыр айында Қырғыз (қазақ) Өлкелік Комитетінің бюро мүшелеріне жазған әйгілі хатынан соң саяси қуғындауға түскен басылым жөнінде кеңестік тарихнама «үнсіз» қалып келді.

Түркістанда қазақ тілінде «Шолпан» (Ташкент, 1922-1923), «Сана» (Ташкент 1923-24, редакторлары Х. Досмұхамедов, М. Әуезов, М. Жұмабаев, И. Тоқтыбаев) журналдары да жарық көрді. Аталған журналдарда да ұлт зиялыларының көптеген шығармалары жарық көрген болатын. Айталық, «Ақ жол» газетінің қосымшасы ретінде жарық көрген «Сана» журналының 4 санында Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы жарияланды. Қазақ оқырмандары классик жазушының романымен алғаш рет Ташкенттегі басылымдар арқылы танысты.

Өлкедегі ұлт зиялыларының мұраларының арасында олардың ғылыми еңбектеріне арнайы тоқталуымыз керек болады. Отарлық биліктің оқу орындарында білім алған қазақ жастарының арасынан Ресейдің орталық қалаларында әртүрлі мамандықтар бойынша білім алып, өлкедегі мәдени этникалық процестерге белсене араласуымен бірге ғылыми шығармашылықпен де айналысты. Түркістандық зиялылардың арасынан ғылыми шығармашылыққа жол салып берген тұлғалардың алғашқы өкілі ретінде Сералы Мұңайтпасұлы Лапиннің (1869–1919) шығармашылығына арнайы тоқталуға болады.

Лапинді шығыстанушы-түрколог ретінде ғылыми ортаға кеңінен танымал еткен алғашқы ғылыми еңбегі «Перевод надписей на исторических памятниках г. Самарканда» 1895 жылы Самарқанд қаласында жарық көрді [17]. Еңбекте Самарқанд қаласының сәулет ескерткіштеріндегі жазулар көне араб тілінен орыс тіліне аударылған. Ол мәтіндерге Лапиннің фольклорлық деректерден алынған деректерінің мәліметтері, ғылыми пікірлері мен толықтырулары қоса берілген. Ол әр уақытта Регистан

ансамбльдерін, Гур-Эмир, Шир-Дор, Тилля-кари, Шахи-зинда кесенелерін, Бибі-ханым мешіттері мен медреселерін, Ұлықбек медресесін, Шайбани-хан зияраты тұрғызған авторлардың есімдерін анықтайды. Мысалы, оның болжамы бойынша Шир-Дор сәулет ескерткішінің авторы Самарқанд қаласының билеушісі Жалаңтөс Баһадүр.

Сералы Лапинның «Русско-Узбекский словарь» [18] еңбегінің 4 басылымы 1894, 1907, 1914, 1915 жылдары жарық көрген. Сөздікті Самарқанд қаласындағы облыстық Статистикалық Комитеттің баспасы жариялаған. 114 беттен (8 бет сөздіктен бөлек ескертпелерден) және сөздіктен кейін қосымша 62 бет өзбек тілінің қысқаша грамматикасынан тұратын қалта сөздіктің ішінде отырықшы халықтармен күнделікті сөйлесуде қолданатын сөздеріне қысқаша грамматикалық түсіндірмелерімен берілген. 1894 жылы 19 қарашада Самарқанд облыстық статистикалық комитетінің толық мүшесі С.М.Лапин өзі құрастырған сөздігінің «Бірінші басылымға алғысөз орнына» бөлімінде «Бұл еңбек әлдеқашан пісіп-жетілген жергілікті орыс халқына өзбек тілінің сөздігін «қолжетімді» ету қажеттілігіне жауап беруге тырысады» [18, 3] деп еңбектің аса зәру міндетті шешуге арналғандығын жазады.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында Түркістан өлкесінде тіл мәселесіне ерекше назар аударылды. Отан лексикологиясында көптеген сөздіктер жазыла бастады. Аталмыш сөздік қалың бұқараның сөйлеу мәдениетін арттыруға көмектесу мақсатында жасалған және сөздерді дұрыс қолдану, сөз формаларын дұрыс қалыптастыру, дұрыс жазылу мен айтылуына арналған. Бұл сөздікте өзбек тілінің лексикасының барлық алуан түрлілігінен оның үзіндісі қалыптасты, қысқа және қолжетімді түрде өткен ғасырдың басында дамыған әдеби сөйлеуінің дәстүрлері сипатталған.

Сөздіктің ішінде алғы сөздің орнына Сералы Лапинның 1894 жылы жарық көрген сөздіктің 1 басылымына жазылған аннотация берілген. Сондай-ақ сөздіктің ішінде өзбек тілі қандай курсивпен жазылғаны туралы ескертпелер берілген.

Ең көп қолданылатын жеке сөздер, сандар, апта күндерінің атаулары, ай атаулары, тиындардың атаулары, салмақтың өлшемдері т.б. сөздіктің басында орысша түсіндірмемен берілген. Сөздіктің методикасына келер болсақ, бұл жерде лексикографиялық құрылысынан бөлек сөздің түсіндірмесі бар. Осының нәтижесінде өзбек тіліндегі сөз байлығын жиып-теріп, хатқа түсіріп, іштей саралап, алуан түрлі сөз тіркестерін жасауға болады.

Мысалы «анекдотъ» деген сөздің аудармасы «хикаят» деп берілген, «аренда» - «иджара» (отдавать въ ар. – «иджарага-комак» түсіндірмелерімен көрсетілген. Орысша сөздерді өзбек халқына түсінікті етіп тәржімаланған бұл еңбектің маңызы зор. «Благодарить» сөзінің тәржімасы «Алла разы булсун» (айтмак, куллук-кылмак), «благополучно» - «аман-есан», «сағ-саламят» етіп аударылған. Бұл сөздіктің ішінде 4000 астам сөздің грамматикалық аудармасы берілгені ол еңбектің құндылығын арттыра түседі.

XX ғасыр басындағы зиялылар қауымына және Түркістан өлкесінің тілін, тұрмысы мен әдет-ғұрпын зерттеп жатқан Ресей шығыстанушыларына сөздіктің практикалық жағынан өте маңызды болды.

Өйткені бұл кітаптың жазылуында бүгінде оқылуға қиынға түсетін көне емлелерді мүмкіндігінше түпнұсқадан ауытқымауға тырысқан. Түркістан өлкесінің халықтарына арналған қалта сөздіктің тағы бір ерекшелігі ол сөздердің барлығы күнделікті өмір тарихына арналған және сөздердің грамматикалық қамтылуымен жазылған.

Мысалға алатын болсақ «посоль» сөзі «ельчи» деп тәржімаланған, ал «ящерица» сөзі «кальта-кесьяк», «каняфса», «кальпста», «ечкимар». Етістіктер өзбек тілінде дыбысталуына байланысты екіге бөлінеді: қатаң және ұяң. Біріншілері белгісіз күйінде «мак», ал екіншілері «мяк» болып аяқталады. Бұл жалғау-ларды алып тастаған жағдайда етістіктің түбірі шығады, «читать» - «окумак», «делать» - «кылмак», түбірі – «оку», түбірі «кыл» (қатаң), «пить» - «ичмяк», түбірі «ич», «есть» - «иемек», түбір – «ие» (ұяң). Өзбек тіліндегі болымсыз түбірден кейін бірден «ма» бөлшегі қойылады, сөйтіп жоғарыдағы етістіктерден болымсыз түбір болады: оку – ма, кылма, ичма т.б.

Сөздіктің қосымшасы: өзбек тілінің қысқаша грамматикасының I тарауында «Этимологическія сведенія» тарауында өзбек тілінің зат есім, сын есім жалғауларының барлығы бірдей деп анықтама берілген. Бұл тараудың ішінде өзбек тілінің ереже заңдары орыс тілінде түсіндірмелері, сөйлемді қалай құру керек осының барлығын ескертпелер ретінде жазылған. II тарауы «Синтаксическія сведенія» қарапайым сөйлемдердің қалай құрастырылып жазылатыны жайлы ережелер жазылған.

Кітаптың соңғы бетінде Самарқанд облыстық Статистикалық Комитетінің баспасы шығарған анықтамалық кітапшалардың тізімінде: вып. I 1893 г. – 30 к., вып. II 1894 г. – 75 к. (распроданъ), вып. III 1895 г., вып. IV 1896 г., вып. V 1897 г., вып. VI 1898 г., вып. VII 1902 г., вып. VIII 1906 г., вып. IX 1907 г., вып. X 1912 г. по 1 руб. за выпускъ, В.П.Наливкинъ еңбектері «Руководство къ практическому изученію персидскаго языка. 1 р. 50 к., С.А. Лапинъ «Русско-узбекскій словарь», М.М. Вирскій «Виноградство въ Самаркандскомъ уездъ» 1 р., К.К. Казанскій «Суфизмъ съ точки зрѣнія

современной психо-паталогии» 1 р., «Списокъ населенныхъ мьсть Самаркандской области» 50 к., «Справочникъ и Адресъ-Календарь Самаркандской области», «Планъ г. Самарканда изд. 1901 г. 1р. сатылу бағалары көрсетілген.

Автор бұл еңбекті жазуда үлкен жұмыс атқарған. Қалта сөздігінде берілген аудармалардан бөлек бұл кітаптың ішінде өзбек тілінің ережелері ғылыми тұрғыда зерттелген. Сөздіктің 4 рет қайта басылып шыққаны оның маңыздылығын айқындай түседі. Сонымен қатар назардан тыс қалмаған жайт ол грамматикалық, акцентологиялық, кейбір кездерде орфоэпиялық сипаттамалардың мысалдары жазылған. Сөздіктің қарапайым тұрғындардың сұранысын өтегендігі өз алдына, ол Түркістан өлкесіндегі орыс ғалымдарының зерттеулерінде бұл еңбек кең қолданысқа ие болып, ғылыми сипат алды. Тұрмыс тіршілікте жалпы ауызекі, әдеби лексикаға арналған сөздерден бөлек көркем әдебиеттің де мысалдары келтірілген.

Ендігі мәселе, түркістандық зиялылардың педагогикалық мұрасы туралы болмақ. Өлкедегі дәстүрлі білім беру жүйесін реформалау жәдиттік қозғалыспен байланыстылады. Дәстүрлі діни білім берудің кертартпалық ықпалына және отарлық білім жүйесінің шовинистік мақсаттарына қарсылық ретінде дүниеге келген жәдиттік білім беру жүйесі XIX ғасырдың соңында кең тарала бастады. Бұл істе И.Гаспралының ықпалы үлкен болды. Оның идеяларын Түркістан жағдайында жалғастырған Махмудқожа Бехбуди, Мұнауар Қары Абдурашитханов және т.б. жәдитшілер өлкеде жаңа үлгіде білім берудің негізін қалады. 1906 жылы И.Гаспринский М.Бехбудидің «Алифба-и мактаб-и Исламия» («Мұсылман мектебіне арналған әліппе») кітабын шығарғанын хабарлады. Оқулық жаңа әдіс мектептері үшін парсы тілінде де құрастырылған. Басылым И.Гаспринскийдің жеке жинағында, сонымен қатар М.Бехбудидің «Ислам тарихы. Қысқаша бірінші шығарылым.

1906 жылы «Китаб-и мунтахаб-и джуграфия-и умумий» (Қысқаша жалпы география) түркі тілінде жарық көргендігі жазылған [19, 202].

Өлкедегі жәдиттік қозғалысқа белсене араласқан тұлғалардың бірі де бірегейі Қоғырқожа Қожықов еді. Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі, халық мұғалімі болып жәдиттік мектептерді ұйымдастыруға араласып қан қоймай, осы мектептердің оқу-әдістемелік негізін қалыптастыруға үлес қосқан ағартушы деңгейіне көтерілгін Қ.Қожықов 1905 жылы Самарқанд қаласында өзбек тілінде «Что такая новометодная мактаб? (школа). Как от него польза?» деген атпен кітапша шығарады. Сонымен бірге Самарқандаға алғашқы читальняның жарғысын дайындайды. Махмудқожа Бехбудимен бірлесіп «Методика обучения в новометодных мактабах» атты қолжазба оқу құралын дайындаған.

Білім беру жүйесінде оң нәтижелерге қол жеткізу үшін ағартушылық идеяларды нақты іске асырудың қажеттігін жақсы түсінген жәдитшілер реформалық қозғалыс ретінде бастапқы кезден бастап білім беру мәселелерінің нақты міндеттерін шешуді алдарына мақсат етіп қойған. Интеллектуалды тұлғалар ретінде жәдит көшбасшылары шығыстық және еуропалық мәдениетті қатар игерді. Түркістандағы жәдиттік қозғалысқа қазақ зиялылары арасынан Қоңырқожа Қожықовпен бірге Сералы Лапин, Садық Өтегеновтер араласты. Түркістан өлкесінде қазақ жәдитшілерінің арасында Қ.Қожықовтың 1912 жылы Орынборда қырғыз (қазақ) мектептеріне арнап әліппе [20] шығарған. Жәдиттік мектептерге арналған бұл оқулық Сырдария және Жетісу облыстарындағы дәстүрлі мектептерде кең қолданысқа ие болған еді. Бұл оқулықтың мұқабасында араб тілінде автордың арнау жазуы бар: «Хурметлу биюк устазымыз Исмаил бей Гаспринскийге чигарувжи тарафынан хади. 12 ақпан 13 шілде Шахар Түркістан. Қоңғыр Қожа Қожықов («Құрастырушыдан сый ретінде құрметті тәлімгер Исмаил бек Гаспринскийге. 12 ақпан. Түркістан қаласы, 13 шілде. Қоңғыр Қожа Қожықов» деген қолтаңба жазылған.

Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі жәдиттік мектептерде бірнеше жыл пайдаланылған оқулық А.Байтұрсыновтың төте жазуға негізделген «Әліппесі» қазақ мектептерінде кең қолданысқа алынған кезде қолданыстан шығып қалғандығын аңғарамыз.

Әліппеде әріптерді оқып, үйренуде автор ел аузындағы өлең-жырлар, мақал-мәтелдермен бірге ақындардың өлеңдерін де пайдаланады. Сондай өлеңдердің бірі «Атаның сәлем хаты». Осы өлеңінде

Үміт еткен көзімнің нұры балам
Жар болғай аруағы ата бабаң
Әкең мұнда әжеңмен есен аман
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған» дей келіп,
«Тентіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен не мұратқа жетер едің» деп түйіндейді.

Ата сәлеміне шәкірт баланың жауабы «Шәкірт баланың өлеңі» арқылы мына мазмұнда береді:

«Көп керек оқығандар біздің елге
Көбейсе білімділер елімізде
Пайдасы тиер еді күнімізге

Балалар біз оқилық ерінбейік

Бұл оқу пұлдан қымбат білгендерге» [21, 295-297].

Жалпы, түркістандық жәдитшілерде отарлық басқару жүйесі ұлттың қажеттілігіне орасан зор зиян келтіреді деген тұжырым орныққан. Өлкедегі алдыңғы қатарлы күштер жанатәсілді мектептерді дамыту арқылы ұлттық бірегейлікті сақтауға болады деген тұжырымы біртіндеп демократиялық басқару жолындағы күреске ұласып, саяси сипат алған. Жәдитшілер «осы жылдарда реформалық идеялардың ең басты жақтаушыларына айналды» (Узбекистон тарихи (1917-1991 йиллар) К.1. –Тошкент «Ozbekiston» РМИУ, 2019. -560 б. Б.18).

Түркістандағы жәдитшілердің саяси қызметі мен мұрасын арнайы қарастыруды мақсат етпегендіктен де зерттеуімізде олардың мәдени мұрасына ғана назар аударамыз.

Қоңырқожа Қожықов 1917 ж. 2-5 тамызда Ташкент қаласында өткен Түркістан қазақ-қырғыздарының съезінде съезд төралқасына сайланып, Құрылтай жиналысына Сырдария облысынан депутаттыққа кандидат болып ұсынылады. 1917 ж. 26 қарашада жарияланған Түркістан мұхтарияты Халық Кеңесінің құрамына енген [Тұрсұн Х. Алаш һәм Түркістан. – Алматы, «Ел-шежіре» ҚҚ, 2013. -400 б., Б.320].

Осындай ұлтшылдық бағыттағы қызметімен танылған Қ.Қожықов 1918 ж. қарашада Ташкент қаласында тұңғыш қырғыз педагогикалық курсы ашылғанда Перовскіден оқытушылыққа шақырылады. Ташкент қаласындағы осы алғашқы қазақ оқу орнына оқытушылыққа Садық Өтегенов, Сұлтанбек Қожанов сияқты қайраткерлер шақырылып, Қазақ ағарту институтын ұйымдастырады.

Түркістан Халық ағарту халкомы 1920 ж. Қырғыз ағарту институтының комитетін құрады. Комитет құрамына И.Тоқтыбаев төраға, Б.Есенов төраға орынбасары, Х.Досмұхамедов, Көшербаев және Қ.Қожықовтер енеді. Халық ағарту комиссариаты құрған Мемлекеттік ғылыми комиссияның жанында «Талап» қоғамы, Ғылыми кеңес сияқты мекемелер құрылып, өлкедегі ұлттық білім беру жүйесін реформалауға байланысты орасан зор жұмыстар ұйымдастырады.

Ташкент қаласының баспаханаларынан 1920-1925 жж қазақ мектептеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрді. Түркаткомның жанынан құрылған Қырғыз (қазақ) мемлекеттік ғылыми кеңесінің ұсынысымен және ұйымдастырылуымен осы жылдары Х.Досмұхамедовтың «Тәнтану», «Өсім-діктану», С.Қожановтың, М.Дулатовтың «Есеп құралы», И.Тоқтыбаевтың «Жағрафия», М.Жұмабаевтың «Психология» сияқты оқулықтары жарық көріп, қазақ мектептерінде кеңінен пайдаланылды. Жекелеген оқулықтардың тиражы он мың данадан асты. Аталған оқулықтардың көпшілігі аударма болғанымен онда қазақ тұрмыс-салты мен әдет-ғұрыптары, ұлттық психология мен таным ерекшеліктері ескерілгендігін атап айтуымыз керек. Содан да ол оқулықтар қазақ баласына барынша ұғынықты болды.

Өлкедегі қазақ зиялыларының білім саласындағы дайындаған оқулықтары мен оқу әдістемелік құралдары сол кезең үшін білім беру саласын дамытуға айтарлықтай ықпал жасады. Осы тарихи процесс алдағы уақытта кеңінен қарастыруды қажет етеді. Олардың педагогикалық қызметінде қалыптастырған мәдени мұрасының арасында осы кезге дейін талданып, ғылыми бағасы берілген жоқ.

Сол сияқты ұлт зиялыларының ғылыми зерттеу бағытындағы жарияланымдарының да ұлттық ғылымның қалыптасуы мен дамуына жасаған ықпал-әсері жүйеленіп, жіктеліп, лайықты ғылыми талдаудан өткен жоқ. Айталық, М.Тынышпаевтың, Н.Төрәқұловтың, С.Қожановтың, Х.Досмұхамедовтың және т.б. қайраткерлердің мәдени-ғылыми шығармалары жинақтауды қажет етеді. Солардың арасында Х.Досмұхамедовтың тарих, әдебиет, тіл, медицина мен гигиена саласындағы шығармалары, аударма еңбектері жинақталып, айналымға ұсынылған болса, ендігі уақытта ғылыми талдау, бағалау кезегін күтіп тұр.

Ұлттық-территориялық межелеуден соңғы кезеңде ұлттық тұтастыққа қол жеткізген қазақ елінде түркістандық зиялылар өз бағыттарындағы шығармашылық қызметтерін одан әрі жалғастыра алды. Осы тарихи сабақтастықтың бір мысалы ретінде Қ.Қожықовтың мәдени мұраны сқорғау және сақтауға қатысты қызметін атап айтуымызға болады. Саяси жұмыстан шеттетіліп, бірыңғай мәдени-ағартушылық жұмысқа ауысқан Қ.Қожықов Тынышпаев, Досмұхамедовпен бірге 1932 жылдың 20 сәуірінде Үштіктің шешімімен Қазақстаннан жер аударылғанымен айыптылығы дәлелденбеген. 1933 жылдың 13 шілдесін-дегі Үштіктің қаулысымен 10 жылға еңбекпен түзеу лагерінде қамауда болған және 1934 жылы мерзімінен бұрын босатылған [АҚПДАМА. №10031-іс, 64-68 п] соң бірыңғай шығармашылыққа бет бұрады. Түркістанда Туркомстаристің үлгісімен Казкомстарис мекемесін құруға атсалысады. Ол осы кезеңде қазақ жеріндегі көне түркілік сына жазуы, Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Келіншектас, Ақтас мазарлары туралы ғылыми мақалалар жариялап, ел ішіндегі сирек қолжазбаларды жинастырумен айналысты. С.Асфендияров пен П.А.Кунтениң редакциясымен 1936 жылы жарық көрген «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» жинағын құрастырушылардың бірі болды. Осы жылы Қазақ КСР мемлекеттік көпшілік кітапханасына Орта Азиядағы сопылық поэзияның көрнекті

өкілі Сүлеймен Бақырғанидың «Хикмет хазірет Сұлтан әл-Ғарифин» деп аталатын қолжазба кітапты тапсырды. Қожықов тапсырған бұл қолжазба қазіргі кезде Ясауитанудың ең құнды дереккөздерінің біріне айналды [21, 10].

Қорытынды

Зерттеуімізде түркістандық қазақ зиялыларының мәдени мұрасының аса мол екендігіне көз жеткіздік. Революцияға дайын кезеңде жәдитшілік қозғалыстың ықпалымен өлкеде қазақ ұлттық саяси және шығармашылық элитасы қалыптасты және осы интеллектуалды топ 1916-1924 жылдардағы революциялық өзгерістер мен реформалық қайта құрулардың алдыңғы шебінде болды. Қоғамдық-саяси қызметтерін әдеби, ғылыми және публицистикалық шығармашылықпен ұштастырған ұлт зиялылары ұлттық идентификация міндеттерін шешуге баса назар аударып, ұлт руханиятына қатысты зәру тақырыптарды мәселе етіп көтере алды. Олардың әдеби, ғылыми және педагогикалық шығармашылық өнегесі ұлттық идея қалыптастыруға және оны іске асыруға бағытталуымен құнды деп бағалаймыз. Қорыта айтқанда, түркістандық ұлт зиялыларының мәдени мұрасын жинақтау және ғылыми айналымға ұсынып, елдің рухани игілігіне айналдыру Отан тарихын өзектілендіруге қызмет ететін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Карлыбаев М.А. *Вопрос о народном образовании в Туркестане после завоевания царской Россией. История: проблемы объективности и нравственности. Материалы научной конференции.* – Ташкент, 2003. (С.105-112)
- 2 Мухамедов С. *Историко-источниковедческий анализ государственного регулирования ислама Российской империи в Туркестане (1864-1917).* Ташкент, 2013. - 258 с.
- 3 Жолсейтова М.А. *Қазақстандағы халық ағарту ісінің қалыптасуы мен даму тарихы (XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезі).* – Түркістан. 2022. – 172 б.
- 4 Буттино М. *Революция наоборот. Средняя Азия между падением царской империи и образованием СССР. Перевод с итальянского Н.Охотина.* –Москва: Звенья, 2007. -446 с.
- 5 Тұрсұн Х. *Алаш һәм Түркістан. Монография.* –Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ. 2013. - 400 б.
- 6 Котюкова Т.В. *Окраина на особом положении. Туркестан в преддверии драмы.* – М. : Научно-политическая книга, 2016. – 391 с.
- 7 *Жизнь и деятельность представителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане. (Сборник документов и материалов в двух частях). Составители Тилеукулов С., Голованов А.А., Оразымбетов Ш., Тилеукулов . Г.С., Косанбаев С., Тилеукулова Г.С.). Шымкент, 2004. -Ч.1. - 178 с.; Шымкент, 2004. -Ч.II. -276 с.*
- 8 Қожанұлы С. *Таңдамалы мақалалар. Архивтік құжаттар.* – Избранные произведения. Архивные материалы. Құраст.: Х.М.Тұрсұн, А.Ж.Шәріп. –Нұр-Сұлтан: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2020. – Қазақша, орысша. – 400 б.
- 9 Нәзір Төреқұлов: *архивтік құжаттар мен материалдар жинағы.* -Шымкент, «АЗИАТ» баспасы. 2017. - 220 б. (құрастырушылар Х.Тұрсұн, Г.Батырбекқызы
- 10 Досмұхамедұлы Х. *Еңбектері: Бірінші том. Жан саулығы. Құраст. проф. Ғ.Әнес.* – Алматы: «Арыс» баспасы, 2017. – 432 б.
- 11 Бекхожин Х. *Казахская прогрессивно-демократическая печать во второй половине XIX и начала XX в.в.* -Алма-Ата. 1976.
- 12 Оспанұлы Ә., Айнабекұлы Т. *Мәделіқожа. Өлеңдер, зерттеулер.* -Алматы, 2009.-400 б.
- 13 Хазретәлі Тұрсұн, Хакан Ас. *Мәделіқожа Сұлтанқожаұлының «Қиуаға жорық туралы» жырының тарихилығы.Абай атындағы ҰПУ Хабаршысы «Тарих және әлеуметтік ғылымдар» сериясы. 2018. №3 206-211 бб.*
- 14 *«Русие патшалығында Романов нәсілінен хукимранлик қылған патшалар тарихлары».* Орынбор. 1912 ж 150 б.
- 15 Тұрсұн Х., Әділбекова З. *1867 жылы Санкт-Петербургке барған Түркістан депутациясы тарихының құжаттық және әдеби деректері. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің Хабаршысы. №1 (69) 2016 жыл. 329-333 бб.*
- 16 Х.Тұрсұн, Ж.Дюсембаева, Б.А.Жамелов. *Ұлттық идея және «Ақ жол» газеті. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, тарих және әлеуметтік ғылымдар сериясы. 2022. №1*
- 17 *Перевод надписей на исторических памятниках г. Самарканда. Переводиль С-А.Латин. Самарканд. Типография Штаба войск Самаркандской области. 1895.*
- 18 *Карманный русско-узбекский словарь. 4000 слов для обыденного разговора с оседлыми*

туземцами Туркестанского края. С приложением краткой грамматики узбекского языка. Издание Самаркандского Областного Статистического Комитета. Составил Действительный член Статистического Комитета. С.А. Лапин. Самарканд: Типография газеты «Русская Окрина», 1907. 63 с.

19 Абдирашидов З.Ш. Аннотированная библиография туркестанских материалов в газете «Таржуман» (1883-1917). NIHU Program Islamic Area Studies; TIAS : Department of Islamic Area Studies Center For Evolving Humanities Graduate School of Humanities and Sociology The University of Tokyo. Tokyo, 2011. 233 с.

20 Ходжиков К. Букварь для киргизских школ в Туркестанском крае. Составил Заведующий Карнакским русско-туземным училищем Конгыр Ходжа Ходжиков. Издание первое. Оренбург. Типо-литография т-ва Каримов, Хусаинов и К-о. 1912 г. 75 с.

21 Қоҗықов Қ. Шығармалары. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2023. - 356 б.

References:

1 Karlybaev M.A. Vopros o narodnom obrazovanii v Turkestane posle zavoevania carskoi Rossiei. Istoria: problemy obektivnosti i npravstvenosti. Materialy nauchnoi konferensii. – Tashkent, 2003. (S.105-112)

2 Muhamedov S. Istорiko-istochnikovedcheski analiz gosudarstvennogo regulirovania islama Rosiskoi imperii v Turkestane (1864-1917). Tashkent, 2013. -258s.

3 Jolseitova M.A. Qazaqstandagy halyq agartu isinin qalyptasuy men damu tarihy (XIX gasyrdyn sony – XXgasyrdyn bas kezi). – Turkistan. 2022. -172b.

4 Buttino M. Revolusia naoborot. Srednaia Azia mejdu padeniem carskoi imperii i obrazovaniem SSSR. Perevod s italyanskogo N.Ohotina. – Moskva: Zvena, 2007. -446 s.

5 Tursun H. Alaş häm Türkistan. Monografiya. –Almaty: «El-şejire» QQ. 2013. -400 b.

6 Kotuykova T.V. Okraina na osobom položenii. Turkestan v predverii dramy. – M. : Nauchno-politicheskaia kniga, 2016. – 391 s.

7 Jizn i deiatelnost predstavitelei kazahskoi nacionalnoi inteligensii v Turkestane. (Sbornik dokumentov i materialov v dyuh chastah). Sostaviteli Tileukulov S., Golovanov A.A., Orazymbetov Ş., Tileukulov . G.S., Kosanbaev S., Tilekulova G.S.). Şymkent, 2004. -Ch.1. -178 s.; Şymkent, 2004. -Ch.II. -276 s.

8 Qojanuly S. Tandamaly maqalalar. Arhivtik qujattar. – İzbrannye proizvedenia. Arhivnye materialy. Qurast.: H.M.Tursun, A.J.Şarip. –Nur-Sultan: «Alaşorda» Qoğamdyq qory, 2020. – Qazaqşa, oryssa. – 400 b.

9 Nazır Torequlov: arhivtik qujattar men materialdar jinagy. -Şymkent, «AZIAT» baspasy. 2017, -220 b (qurastyruşylar H.Tursun, G.Batyrbekqyzy

10 Dosmühameduly H. Enbekteri: Birinşi tom. Jan saulygy. Qurast. prof. G.Anes. – Almaty: «Arys» baspasy, 2017. – 432 b.

11 Bekhojin H. Kazahskaia progresivno-demokraticheskaia pechat vo vtoroi polovine XIX i nachala XX v.v. -Alma-Ata. 1976.

12 Ospanuly A., Ainabekuly T. Madeliqoja. Olender, zertteuler. -Almaty, 2009.-400 b.

13 Hazretalı Tursun, Hakan As. Madeliqoja Sultanqojaulynyn «Qiuaga joryq turaly» jyrnyñ tarihilygy. Abai atyndagy UPU Habarşysy «Tarih jane aleumettik gylymdar» seriasy. 2018. №3 206-211 bb.

14 «Rusie paşalygynda Romanov nasilinen xukimranlik qylgan paşalar tarihlary». Orynbor. 1912 j 150 b.

15 Tursun H., Adilbekova Z. 1867 jyly Sankt-Peterburgke bargan Turkistan deputasiyasy tarihnyn qujattiq jane adebi derekteri. Şakarım atyndagy Semei memlekettik universitetinin Habarşysy. №1 (69) 2016 jyl. 329-333 bb.

16 H.Tursn, J.Dusembaeva, B.A.Jamelov. Ulıtyq ideia jane «Aq jol» gazetı. Abai atyndagy QazUPU Habarşysy, tarih jane aleumettik gylymdar seriasy. 2022. №1 17 Perevod nadpisei na istoricheskikh pamatnikah g. Samarkanda. Perevodil S-A.Lapin. Samarkand. Tipografiya Ştaba voisk Samarkandskoi oblasti. 1895.

18 Karmannyi rusko-uzbekski slovar. 4000 slov dlya obydenного razgovora s osedlymi tuzemnymi Turkestanskogo kraia. S prilozheniem kratkoi gramatiki uzbekskogo iazyka. İzdanie Samarkandskogo Oblastnogo Statisticheskogo Komiteta. Sostavil Deistvitelnyi chlen Statisticheskogo Komiteta. S.A. Lapin. Samarkand: Tipografiya gazety «Ruskaia Okraina», 1907. 63 s.

19 Abdiraşidov Z.Ş. Anotirovannaia bibliografiya turkestanskikh materialov v gazete «Tarjuman» (1883–1917). NIHU Program Islamic Area Studies; TIAS : Department of Islamic Area Studies Center For Evolving Humanities Graduate School of Humanities and Sociology The University of Tokyo. Tokyo, 2011. 233s. 20 Hojikov K. Bukvar dlyakirgizskikh şkol v Turkestanskom krae. Sostavil Zaveduiuşi Karnakskim rusko-tuzemnym uchilişem Kongyr Hoja Hojikov. İzdanie pervoe. Orenburg. Tipo-litografiya t-va Karimov, Husainov i K-o. 1912 g. 75 s.

21 Qojoyqov Q. Şygarmalary. –Almaty: «Arys» baspasy, 2023. -356 b.